

## **Шетелдік білім алушыларға**

Шетелден келген студенттер біздің университетке әртүрлі деңгейлер мен мамандықтар бойынша білім алу үшін келеді. Жыл сайын оқуға келетін студенттер саны артып келеді және тұрақты өсу үрдісі бар. Біздің университетте біршама тәжірибе жинақтай отырып, шетелдік студенттер болашақ кәсіби қызметіне қажетті білім, жаңа әсерлер алады, бұл олардың мамандануында үлкен рөл атқарады. Қазіргі таңда университетте 150-ден астам шетелдік білім алушылар бакалавриат, магистратура, докторантура білім беру бағдарламалары бойынша білім алуда.

Шетелдік білім алушыларға виза алу үшін қажетті құжаттар:

1. Бұйрық (келесі курсқа оқуға түсу немесе ауыстыру туралы) – электронды түрде;
2. Паспорттың түпнұсқасы (көшірмесі);
3. Фото 3\*4 – 2 дана;
4. Визалық сауалнама (форма);
5. Білім беру туралы келісім шарттың көшірмесі (бар болған жағдайда);
6. Жарнасы – мемлекеттік алым мөлшеріне сәйкес.